



Жерге орналастырудағы ғылыми жобаларды басқару

1 ДӘРІС

Жобаны басқару әдіснамасы және Қазақстан Республикасында жобаны ұсыну тәртіптері



География ғылымдарының кандидаты, профессор Токбергенова А.А.

Дәрістің мақсаты:

Жобаны басқару әдіснамасының мәні мен құрылымын түсіндіру, сондай-ақ Қазақстан Республикасында жобаларды ұсыну тәртібін талдау арқылы жерге орналастыру сапасындағы жобаларды тиімді ұйымдастыру мен іске асырудың ғылыми-тәжірибелік негіздерін қалыптастыру.

Жерге орналастырудағы ғылыми жобаларды
басқарудың теориялық негіздері

Қарастырылатын сұрақтар:

Жобаны басқару ұғымы және оның негізгі қағидалары

Жобаны басқару әдіснамасының кезеңдері мен құрылымы

Жерге орналастыру жобасын басқаруды дамыту

Қазақстан Республикасындағы жобаларды ұсыну және бекіту тәртібі

Жерге орналастыру жобаларын басқарудағы ұйымдастырушылық және экономикалық негіздері

Жерге орналастыру жобасын басқару

Жерге орналастыру жобаларын басқару қазіргі заманғы басқару әдістері мен техникасын қолдану арқылы жерге орналастыру объектісінің немесе оның бір бөлігінің бастапқы күйін өзгерту, уақыты, ресурстары бойынша шектелген мақсатты процесті білдіреді.

● Жерге орналастыру жобасы нақты мақсаттарға жетуге бағытталған



● Жоба уақыт бойынша шектеулі, яғни нақты басталуы мен аяқталуы бар



● Жоба өзара байланысты әрекеттердің үйлестірілген орындалуын қамтиды



● Әрбір жоба белгілі бір дәрежеде қайталанбас және бірегей болып табылады




Жобаны басқару-бұл жобаның өмірлік циклі кезінде адами және материалдық ресурстарды ұйымдастыру, жоспарлау, басқару, үйлестіру әдістемесі, жұмыстың құрамы мен көлемі, құны, уақыты бойынша жобада анықталған нәтижелерге қол жеткізу үшін заманауи басқару әдістері, технологиялары жүйесін қолдану арқылы оның мақсаттарына тиімді қол жеткізуге бағытталған.

Жобаны басқару әдіснамасы – жобаны жоспарлау, орындау және бақылау ережелерінің жүйесі



Мәселесі

Жобаның негізгі тапсырмасы мен шешетін мәселесі



Құралдары

жобаны орындау үшін қолданылатын әдістер, тәсілдер, ресурстар



Нәтижесі

жобаның соңында алынатын нақты нәтижелер немесе шешімдер



Жобаның негізгі элементтері:

Әдіснамасы

Ауылдық аумақтардың тұрақты дамуы антропогендік, техногендік құбылыстардан, экологиялық бұзылулардан және ел ішінде де, одан тыс жерлерде де өзгертін әлеуметтік-экономикалық ортадан туындайтын өзгерістерді басқару арқылы ғана мүмкін болатыны анық.

Жүйелік тәсіл

01

Мақсаттылық пен ұзақ мерзімділік

02

аумақтарды тұрақты дамыту үшін экологиялық, экономикалық және әлеуметтік факторларды кешенді түрде қарастыру

Мониторинг және бағалау

03

енгізілетін өзгерістер нақты мақсатқа бағытталған және ұзақ мерзімді әсерін қамтамасыз етуі тиіс.

Икемділік

04

өзгерістерге әсер ететін сыртқы факторлар мен тәуекелдерге бейімделу мүмкіндігі.

Құқықтық және нормативтік негіз

05

барлық шешімдер ҚР заңнамасына, жер қатынастары және ауыл шаруашылығы саласындағы нормативтік актілерге сәйкес қабылдануы қажет.

Осыған байланысты ауылдық аумақтарды басқару әдіснамасы келесі қағидаларға сүйенеді:

Жерге орналастыру жобасын басқаруды дамыту

– бұл жобаны жоспарлау, ұйымдастыру, орындау және бақылау үдерістерін жетілдіру арқылы жер ресурстарын тиімді пайдалануға бағытталған үздіксіз процесс.

Мұндай даму басқару құрылымын жаңарту, заманауи цифрлық технологиялар мен геоақпараттық жүйелерді енгізу, кадрлардың кәсіби біліктілігін арттыру және шешім қабылдау сапасын жақсартумен тығыз байланысты.

Басқаруды дамыту нәтижесінде жобаның орындалу тиімділігі артып, жер қатынастарының реттелуі мен жерді ұтымды пайдалану деңгейі жоғарылайды.

Трансформация

- жерді пайдалану мен қорғауды ұйымдастырудың негізгі көрсеткіштерін трансформациялау

Өлшем

- уақыт пен аумақта болып жатқан өзгерістерді сандық өлшеу мүмкіндігі

Құрал

- белгілі бір мерзімде өзгерістердің бағытын белгілейтін мақсатты қондырғының болуы

Осындай басқаруды жетілдіру нәтижесінде жерге орналастыру жобаларындағы өзгерістердің ең маңызды сипаттамалары айқындалады:

Қазақстан Республикасындағы жобаларды ұсыну және бекіту тәртібі

Қазақстан Республикасында жобаларды, соның ішінде жерге орналастыру және аумақтық дамуды жоспарлайтын жобаларды ұсыну мен бекіту тәртібі заңнамалық және нормативтік актілермен реттеледі. Бұл тәртіп жобалардың сапалы, құқықтық және экономикалық тұрғыдан негізделген түрде жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді.



Жобалық құжаттаманы (техникалық, экономикалық, құқықтық негіздемелер) әзірлеу.



Жерді пайдалану және қорғауға қатысты нормативтік актілерге сәйкестігін қамтамасыз ету.




Жобаның мақсаты мен міндеттері анықталады.



Жер учаскесінің сипаттамасы, құқықтық мәртебесі, жалпы жағдайлары талданады.




Геодезиялық, картографиялық және кадастрлық деректер дайындалады.



1-кезең. Жобаны әзірлеу


2-кезең. Құжаттарды дайындау

3-кезең. Сараптама және келісу



Жобаны жер қатынастары басқармасы, ауылдық әкімдік, экологиялық және техникалық сараптама органдары қарастырады

Мүдделі тараптармен (қоғамдық ұйымдар, жергілікті тұрғындар) пікір алмасу жүргізіледі.



4-кезең. Бекіту



Жобаны бекіту жергілікті басқарушы органның немесе тиісті мемлекеттік органның шешімі арқылы жүзеге асады.

Бекітуге дейін жобаның құқықтық, экономикалық және экологиялық тұрғыдан толық сараптамадан өткендігі міндетті.



5-кезең. Тіркеу және енгізу

Бекітілген жобаның нәтижесі мемлекеттік жер кадастрында тіркеледі.
Жер учаскесі немесе аумақтық нысан бойынша құқықтар мен міндеттер нақты анықталады

Жобаларды басқарудағы негіздер — бұл жер ресурстарын тиімді пайдалануды қамтамасыз ететін, олардың құқықтық мәртебесін, аумақтық ерекшеліктерін және әлеуметтік-экономикалық контекстін ескеретін жүйелік қағидалар мен механизмдер жиынтығы. Олар жобаны жоспарлау, орындау және бақылау процесін реттеп, өзгерістерді басқаруға, тәуекелдерді азайтуға және жобаның ұзақ мерзімді нәтижелерін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.



Жерге орналастыру жобаларын тиімді басқару үшін ұйымдастырушылық және экономикалық негіздер кешенді түрде қолданылады. Олар жобаның барлық кезеңінде — жоспарлау, орындау, бақылау және аяқтау кезінде — жүйелі және мақсатты әрекетті қамтамасыз етеді.

Жерге орналастыру жобаларын тиімді басқару үшін ұйымдастырушылық және экономикалық негіздер кешенді түрде қолданылады. Олар жобаның барлық кезеңінде — жоспарлау, орындау, бақылау және аяқтау кезінде — жүйелі және мақсатты әрекетті қамтамасыз етеді.

Ұйымдастырушылық негіздер



Жобалық құрылым

жауапкершілігі мен функциялары нақты бөлінген ұйымдастырушылық бірліктерді құру.



Басқару жүйесі

жоспарлау, координация, бақылау және есеп беру процесін қамтитын басқару механизмдері.



Ақпараттық қамтамасыз ету

GIS, қашықтықтан зондтау және кадастрлық деректерді қолдану арқылы жобалық шешімдерді негіздеу.



Мүдделі тараптарды тарту


жергілікті басқару органдары, ауыл тұрғындары, мемлекеттік және коммерциялық ұйымдар арасындағы өзара іс-қимыл.



Экономикалық негіздер



Ресурстарды тиімді бөлу – қаржы, адам ресурстары, техника және материалдық құралдарды жоспарлы пайдалану.



Инвестициялық негіздеме – жобаның қаржылық тиімділігін есептеу, шығындарды азайту және табысты максимизациялау.



Шығындарды бақылау – бюджетке сәйкестікті қадағалау, төлемдер мен есептеулерді реттеу.



Тәуекелдерді басқару – экономикалық, құқықтық және экологиялық тәуекелдерді алдын ала анықтап, оларды азайту шараларын енгізу.

Ұйымдастырушылық және экономикалық тетіктер өзара тығыз байланысты, өйткені ұйымдастырушылық механизмсіз экономикалық тиімділікті қамтамасыз ету мүмкін емес, ал ресурстарды дұрыс бөлмей ұйымдастырушылық шешімдердің жүзеге асуы шектеулі болады. Осылайша, жерге орналастыру жобаларын басқарудағы интеграцияланған тәсіл жобаның тұрақтылығын, тиімділігін және ұзақ мерзімді нәтижелерін қамтамасыз етеді.

Қорытынды

Жерге орналастыру жобаларын басқару — аумақтық даму, жер қатынастарының тұрақтылығы және ресурстарды тиімді пайдалану үшін маңызды процесс болып табылады. Жобаларды басқарудағы негіздер мен әдіснамалық қағидалар жобаның барлық кезеңінде — жоспарлау, орындау, бақылау және аяқтау кезінде қолданылып, тұрақты нәтижелерге қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасында жобаларды ұсыну және бекіту нақты заңнамалық және нормативтік негіздерге сүйенеді, бұл жобалардың құқықтық, экономикалық және экологиялық тұрғыдан негізделгендігін қамтамасыз етеді.

Жалпы алғанда, жерге орналастыру жобаларын басқару жүйесі — бұл стратегиялық жоспарлау мен практикалық іске асыруды үйлестіретін, аумақтық даму мен жер ресурстарын рационалды пайдалануға бағытталған кешенді механизм. Оның тиімді жүзеге асуы ауылдық және қалалық аумақтардың тұрақты дамуына, экологиялық және әлеуметтік қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Бақылау сұрақтары

1. Жерге орналастыру жобаларының негізгі мақсаты мен мәнін сипаттаңыз.
2. Жобаны басқарудың әдіснамалық негіздері қандай қағидаларға сүйенеді?
3. Қазақстан Республикасында жобаларды ұсыну және бекіту тәртібі қалай жүзеге асырылады?
4. Жерге орналастыру жобаларын басқаруда қолданылатын ұйымдастырушылық механизмдерге қандай мысалдар келтіруге болады?
5. Жерге орналастыру жобаларын басқарудағы экономикалық механизмдер қандай рөл атқарады?
6. Жобаларды басқаруда құқықтық, әлеуметтік және экологиялық тетіктердің мәні неде?
7. Жерге орналастыру жобаларын басқарудағы өзгерістердің негізгі сипаттамалары қандай?
8. Жобаларды басқарудың тиімділігін қамтамасыз ететін негізгі құралдар мен технологияларды атаңыз.



ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- Borbasova Z. N., Ulakov S. N., Nesirbayev R. E. Басқару объектісі ретіндегі ауылдық аумақтар ұғымы, функциялары мен ерекшеліктері //ECONOMIC Series of the Bulletin of the LN Gumilyov ENU. – 2021. – №. 4. – С. 115–127.
- Бектурганова А. Е. и др. ЖЕРДІ КЕҢІСТІКТІ-ЛАНДШАФТЫҚ ҰЙЫМДАСТЫРУ НЕГІЗІНДЕ АУМАҚТАРДЫ ТИІМДІ ИГЕРУ БОЙЫНША ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕЛЕРДІ ТАЛДАУ //Journal of Geography and Environmental Management. – 2025. – Т. 78. – №. 3.
- Сагандыкова Д. и др. ЖЕРГЕ ОРНАЛАСТЫРУ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗУ БАРЫСЫНДА ГЕОАҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІ ПАЙДАЛАНУ //Izdenister natigeler. – 2024. – №. 4 (104). – С. 333–344.